



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 4
2024

ISSN 2310-3353



PUBLISHINGS
K S P I



Қ М П И
ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
К Г П И

2024 ж., қазан, №4 (76)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бас редактор: Қуанышбаев С. Б., география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ, Қазақстан.

Бас редактордың орынбасары: Жарлығасов Ж.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ, Қазақстан.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әлімбаев А.Е., философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

Емин Атасой, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

Зоя Микниене, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

Качев Д.А., философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Ксембаева С.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Лина Анастасова, элеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

Медетов Н.А., физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

Мишулина О.В., экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

Соловьев С.А., биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

Скороходов Д.М., техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

Сычева И.Н., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

Ташев А.Н., экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

Уразбоев Г.У., физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47
(Редакциялық-баспа бөлімі)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті

№4 (76), октябрь 2024 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

Главный редактор: *Қуанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Заместитель главного редактора: *Жарлығасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбаев А.Е., доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

Емин Атасой, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

Зоя Микниене, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

Качеев Д.А., кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Ксембаева С.К., кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

Лина Анастасова, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

Медетов Н.А., доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

Мишулина О.В., доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

Соловьев С.А., доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

Скорыходов Д.М., кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Сычева И.Н., кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

Ташев А.Н., кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

Уразбоев Г.У., доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47
(Редакционно-издательский отдел)
Тел.: 8(7142) 51-11-76

considered. The imperial nature of the policy of the USSR leadership towards non-Russian peoples inhabiting the outskirts of the country will be revealed

Key words: colony, empire, politics, national, history, economics, culture, oppression, assimilation, Russification.

Авторлар туралы мәліметтер:

Күзембайұлы Аманжол – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан тарихы кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Еркін Әбіл – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы.

Күзембайұлы Аманжол – доктор исторических наук, профессор, Кафедра истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Еркін Әбіл – доктор исторических наук, профессор, Республика Казахстан.

Kuzembayuly Amanzhol – Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of History of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Yerkin Abil – Doctor of Historical Sciences, Professor, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 8.81

Оспанұлы, С.,

Б. Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері, профессор, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Мырзағалиева, К.,

ф.ғ.к., тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

АҚИҚАТ ЖОЛЫН ІЗДЕГЕН ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

Түйін

Ыбырай Алтынсарин мен (1841-1889) Шәкәрім Құдайбердіұлының (1858-1931) ғылым, білім жайындағы өлеңдері де (Ыбырай: «Бәріміз бір адамның баласымыз», Шәкәрім: «Ойласаң, барша адамзат – туған бауыр», Ыбырай: «Өнер- білім бәрі де оқуменен табылған», Шәкәрім «Үйренсе ғылым менен сан өнерін, білер еді-ау өнердің не берерін»...), дін, тіл, діл, жанды-жансыз, жаратылыс, тіршілік, ақыл, сана төңірегіндегі ой-пікірлері де көбіне-көп бір арнада тоғысып, бірін-бірі толықтырып жатады.

Түйінді сөздер: ақиқат, Ыбырай, Шәкәрім, талдау, үндестік.

1 Кіріспе

Академик Р. Сыздық: «Ең алдымен, Ыбырай мен Абай қазақ тілінде теологиялық әдебиетті дүниеге келтірудің бастамасын көрсетті, ислам діні негіздерін, мазмұнын, қағидаларын қазақша айтуға, түсіндіруге әбден болатынын танытты»[1],-дейді. Осы бастаманы жалғастыруда да Шәкәрімнің елге сіңірген еңбегі зор. Сондай-ақ жазба әдебиетінде көркем әдеби стилді, ғылыми, діни тілді, діни стилді қалыптастыруда да Ыбырай мен Абай көш басында тұр. Жалғаған тағы да Шәкәрім...

«Қазақ хрестоматиясы» кітабында Ыбырай қазақта тұңғыш рет балаларға хат жазудың үлгілерін («Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары») көрсетіп, өзі де хат жазып, эписториялық жанрдың негізін салушылардың бірі болса, Шәкәрім қара сөзбен де, өлеңмен де хат жазып, бұл жанрды да дамыта түсті, жаңа түрлер енгізді.

Ыбырай да, Шәкәрім де көсемсөз шеберлері.

Ыбырай Торғай облысында 1879-1881 жылдарда болған жұт, аштық жайында «Корреспонденция из Тургая» [// Оренбургский листок, 1880, 13 апреля], «Корреспонденция из Тургая» [// Оренбургский листок 1880, 18 мая], «Корреспонденция из Иргиза» «Кенесары и Наурызбай» [// Тургайская газета, № 21. 1901.] т.б. мақалалар жазса, Шәкәрімнің «Қазақша ай аты жоқ» [// Сарыарқа, 1918, 2 наурыз] , «Би һәм билік туралы» [// Қазақ, 1914, № 65, 8 маусым] т.б. мақалалары жарық көрді.

Ыбырай да, Шәкәрім де сот қызметін атқарған. Ыбырай Орынбор қазақтарын басқарудың бұрынғы тәртібін түбегейлі өзгерткен Уақытша Ережеге наразылық білдіріп, Ереженің кейбір тұстарына тоқталып, қазақтар арасында қызметке сайлауды орыс заңымен емес, халықтың салт-дәстүрімен, ауыл ақсақалдарының айтуымен шешкен орынды болатынын көрсетеді. Мұндай тәртіп орнаған жағдайда, қазақтардың жерге қатысты істері жеңілдеп, уезд, облыс басшылары сайлау мен жер мәселесі төңірегіндегі толастамайтын арыз-шағымдардан да құтылатынын айтады[2]

Шәкәрім жоғарыда көрсетілген «Би һәм билік туралы»[3] мақаласында қазақтың дауына орыс соты араласып, билік айтуының дұрыс еместігі, өйткені біріншіден, қазақтың шығынға бататыны, екіншіден, орыс соты қазақтың әдет-ғұрпын білмейтіндігі сөз етіледі. Биліктің ескі қазақы жолы болғандығын, бірақ ол орыс заңы шыққалы ұмытылғанын, сол ескі жолдың көбісі дұрыс екенін айтады. Сол ескі жолдың өмірге қолайлы жақтарын алуды ұсынады. Сайлау кезінде пара алушыларды соттау туралы заң жоқ екенін мысалға келтіріп, сондықтан да «кім болса сол би болып, аузына келгенін айтқан», - дейді.

Шәкәрімнің 1930 жылдары жазған «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» деп басталатын мақаласындағы «Білімсіз- ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ», – деген жолдар Ыбырайдың «Өнер- білім бар жұрттар» өлеңін еске түсіреді.

«Түрлі әдебиеттер арасындағы байланыстың қазақ топырағында өркен жайған тұсы – Абай, Шоқан, Ыбырайлар өмір сүріп, шығармаларын тудырған тарихи дәуір. Қазақ топырағындағы шынайы көркем әдеби аударманың алғашқы үлгілері де осы алыптардың таланты арқылы өмірге келді. Ыбырай Алтынсариннің аударма мысалдары, Абайдың А.С. Пушкин мен М.Ю. Лермонтовтарды тәржімалауы осынау ұлы үрдістің басында тұрған тамаша үлгілер болды»[4].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында ұлы ақындардың шығармалары мен тіл ғылымының зерттеушілерінің еңбектері қолданылды.

3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

XX ғасырдың басында қазақ әдебиетіндегі көркем аударма жанры дами түссе, оған атсалысқандардың бірі тағы да Ш. Құдайбердіұлы.

Ыбырай Крыловтың «Қарға мен түлкі», «Аю мен жапан түзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі», «Қайырымды түлкі», «Аққу, шортан, шаян», И.И. Паульсонның «Бір уыс мақта», Л.Н. Толстойдың «Силинчи ханым», «Данышпан қазы» ертегісін, «Үш ұры» әңгімесін, К.Д. Ушинскийдің «Құзғын мен сауысқан», «Түлкі мен ешкі», И.И. Дмитриевтің «Екі шыбын» т.б. шығармаларын аударса, Шәкәрім Қожа Хафиз өлеңдерін Л. Толстой әңгімелерін, А.Пушкиннің «Дубровский», «Боран», Шығыстың «Ләйлі-Мәжнүн», Американ жазушысы Парриэт Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» романын қазақ тілінде сөйлетті.

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабы Алла Тағалаға сыйынып, мадақ, Мұхаммед Мұстапа салла Аллаһу ғалайхи уа сәлләма хазіретіне салауат айтумен, яғни, мұсылмандық

әдеппен басталады. Одан кейін таза қазақ тілінде жазылған, қара қазақ түсініп оқырлық діни кітаптың жоқтығын айтып, бұл еңбекті жазудағы мақсаты қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен һәм қараңғы туғандарымыздың түсінікті тілмен өзінің дінін түсіндіру үшін» жазып отырғанын жеткізеді.

Кітапты «Әуелгі баб (тарау- С.О.) Иман турасында», «Екінші баб» Ағмал заһир турасында», «Зекет турасында», «Хаж турасында», «Үшінші баб» «Ахлақ» яғни адамдарға тиісті-тиіссіз мінездер турасында», «Төртінші баб» «Намаз ішінде оқылатын дұғалардың қазақша мағынасы», «Құрбан бауыздалардағы оқылатын дұға».

«Мұсылман шарты» кітабы да дәл осылай Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтумен басталып, иман, мұсылмандық ахлақ, құрбан шалу, аң аулау, неке, сауда –саттық, қарыз алу, аманат, адам және хайуан хақтары секілді ғибадат негіздері кеңінен түсіндіріледі. Өйткені Ыбырайдың да, Шәкәрімнің де кітап жазудағы басты мақсат- мүдделері бір. Екеуі де Құран кәрім қағидалары мен Мұхаммед пайғамбар хадистеріндегі даналыққа, ізгілікке, қайрымдылыққа, мейрім-шапағатқа толы сөздерді таза қазақ тіліне аударып, халықты адамгершілікке, бауырмалдыққа, бар адамзатты сүйуге үндейді. Екеуі де Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) «Адамдардың ең жақсысы-басқаларға пайдасы тигені» деген даналық Хадисін басшылыққа алған.

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» қазақ тіліндегі тұңғыш діни оқу құралы. «Мұсылман шарты» соның толықтырылған нұсқасындай, Ыбырайдың ой-мақсатын Шәкәрім дамыта түсіп, қадір-қасиетін еселей жеткізгендей әсер қалдырады. Екеуі де араб тіліне жетік, ғалым, тарихшы, дінтанушы, ақын, (Шәкәрім – философ ақын), екеуі де барша адамзатты сүйіп, адамгершілік туын жоғары көтерген ойшылдар.

Ғалым Ш.Сәтбаева: «Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы», Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» сияқты кітаптарының өз кезінде, ең көп оқылған, кең таратылған, оқушылардың ой, сана-сезімінің түзу жолға түсіп дамуына ықпалы аз болмағанын» [5] айтып, жоғары баға береді.

Ш. Құдайбердіұлының «Мұсылман шарты» кітабы алғаш 1911 жылы Орынборда басылып шықса, 1993 жылы Алматыдағы «Қазақстан» баспасынан филология ғылымының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметовтің алғы сөзімен жарық көрді. М.Мырзахметов Ыбырайдың «Мұсылманшылық тұтқасы» мен Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» кітаптарының жазылу себебі-орыстандыру саясатына қарсылықтан туғанын айтады. Шындық! Олардың Орынборда, т.б. қазақ елдімендерінде мектеп ашудағы басты мақсаты- қазақ балаларын орысша оқытып, түбінде шоқындырып жіберу еді... Екі данышпан тұлға да бұл кітаптарды жазуда тіліміздің тазалығын, дініміздің, діліміздің беріктігін, халқымыздың бірлігін ойлағаны айдан анық. Оны өздері де түсіндіре баяндап айтып, жазып кеткен.

Қорыта айтқанда «Мұсылманшылықтың тұтқасында» да, «Мұсылман шартында» да Ислам дінінің басты қағидалары, мұсылман бес парызын шарифат заңы бойынша қалай дұрыс атқаруы керектігі, исламдағы тазалық пен дәрет –ғұсылдың жөн-жосығы, намаз, ораза, зекет, қажылық, құрбандық шалу тәртібі мен шарттары аят, хадистерге сүйеніле отырып, дәлелді, жан-жақты түсіндіріле жеткізіледі. Сондықтан бұл екі кітап та қазақ тілінде ғылымхал түрінде жазылған тұңғыш еңбек деуімізге болатын сияқты.

«...алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн деп басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім», – деп өзі айтқандай, Шәкәрім Абайдың немере інісі әрі талантты, ойы озық шәкірті. Абай Ыбырайды білген, өлеңдерін оқыған. Шәкәрім Ыбырайды білді ме, шығармаларымен таныс болды ма?

5 Қорытынды

Жоғарыда аталған екі кітаптың бір-бірімен үндестігі, аттарының да ұқсастығы екеуі бірін-бірі білген деген ойға жетелей береді. Сондай-ақ 1870 жылдан 1905 жылға дейін шығып тұрған «Түркістан уалаятының газетін» (Шоқан, Ыбырай, Абай өмірі тұңғыш осы

газетте жазылды), 1888 жылдан 1902 жылға дейін шығып тұрған «Дала уалаятының газетін» (Ыбырай, Абай өлеңдері, «Еңлік-Кебек» дастаны жарық көрген), 1895 жылы шыққан «Торғай газетін» (Ыбырай өмірі мен қызметі жайында мақала, хабарлар беріліп тұрған), «Айқап» (1911-1913) журналын (Өзінің «Білімдіге бес сауал» хаты жарық көрген), «Қазақ» (1913) газетін (шыққанына қуанып, өлеңмен құттықтаған, кейін авторлардың бірі болған) бүкіл әлемді таныған Шәкәрім, оқымады, білмеді деу қиын.

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» мен «Мұсылман шарты» еңбектерінің бір-бірімен ұқсастығы сияқты Ш. Құдайбердіұлының «Піскен мен шикі» деп аталатын мысалы да Ы.Алтынсариннің «Бай мен жарлы баласы» әңгімесімен сарындас.

Ыбырай әңгімесінде **бай баласы Асан мен жарлы баласы Үсен** ауыл көшкенде қыр астында ойнап жүріп, жұртта қалып қояды. Ал, Шәкәрім кейіпкерлері аң аулауға шығып, мініп жүрген аттарынан айрылып жаяу қалады. Қиындықсыз өскен, еңбек етіп көрмеген әлжуаз бай баласы пұшайман күйге түсіп, не істерін білмей дағдарса, тіршілік үшін тырбанып өскен, еңбекқор әкесінен үлгі-өнеге алған, тәжірибесі мол жарлы баласы іс-әрекетке көшіп, әр мүмкіндікті бос жібермей, күресе біледі. Аттан да айрылып қалатын бай баласы:

«Байбатшаға жаяулық жаман батты,
Аяғы ісіп, жүре алмай сұлап жатты.
Мұндай істің талайын көрген жарлы,
Тастасын ба мырзасын, арқалапты...»

Ыбырай: «**Асан деген бай баласы, Үсен деген жарлы баласы...**»

Шәкәрім: «**Бай мен жарлы баласы** аңға шықты...» (Ыбырай Алтынсариннің бастауыш мектептің оқушыларына арналған 1945 жылы Қазақтың мемлекеттік оқу құралдары баспасынан жарық көрген (құрастырып, алғы сөзін жазған Қайнекей Жармағанбетов) «Жел, балалар, оқылық!» деп аталатын кітабында осы «**Бай мен жарлы баласы**» деген әңгіме «**Бай мен кедей баласы**» деп беріліпті. «Бай мен кедей» деген өлең жазған Шәкәрім «Піскен мен шикі» мысалында неге «кедей» демей, «жарлы баласы» деді екен деген ой туады.)

Ыбырай: «Жұртта бір **сынған ине** жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай **қыл** тауып, оны да алды...», «Үсен... баяғы жұрттан тапқан **инені** отқа салды. Ине біраздан соң оттың күшімен балқып қызарды сол уақытта пышақпен **инені** алып ептеп иді, **қармақ істеді...**»

Шәкәрім: «**Қыл** шылбырдың үзігін алды **жарлы...**», «**Жарлы бала** өзеннен балық алды...», «Таспаны бау, **инені қармақ** қылып...», «**Сынық ине** сыдырым таспа деген...»

Ш. Құдайбердіұлының өзі «Қайғылы роман» деп атаған «Әділ-Мария» шығармасындағы кейіпкерлерінің аты Асан, Үсен [6].

Жоғарыдағы айтылған сәйкестіктер Шәкәрім Ыбырайды білген, шығармаларын оқыған деген оймызды орнықтыра түсті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы; Арыс 2004. – 549 б.
- 2 Далалық облыстар жөніндегі Уақытша Ереже туралы, 1968 Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах, т. I. – 560 б.
- 3 Қазақ, 1914, № 65, 8 маусым
- 4 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 329 б
- 5 Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: «Жазушы», 1991.
- 6 Құдайбердіұлы Ш. «Әділ-Мария». Шығармалары 506-511 бб.

ОСПАНҰЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.

СОЗВУЧИЕ ВЕЛИКИХ, ИЩУЩИХ ПУТЬ ИСТИНЫ

Стихи Ибрая Алтынсарина (1841-1889) и Шакарима Құдайбердіұлы (1858-1931) о науке, образовании (Ибрай: «все мы дети одного человека», Шакарим: «если подумать, все человечество –

родной брат», религия, язык, менталитет, душа-неживая, бытие, разум, сознание – часто переплетаются в одном русле и дополняют друг друга.

Ключевые слова: истина, Ибрай, Шакарим, анализ, созвучие.

OSPANULY, S., MYRZAGALIYEVA, K.

THE HARMONY OF THE GREAT ONES WHO SEEK THE PATH OF TRUTH

The poems of Ybyrai Altynsarin and (1841-1889) Shakarim Kudaiberdiuly (1858-1931) about science and education (Ybyrai: "we are all children of one person", Shakarim: "if you think about it, all of humanity is a blood brother", religion, language, mentality, soul-inanimate, existence, reason, and consciousness frequently intertwine and complement one another, flowing along a common course.

Key words: truth, Ybyrai, Shakarim, analysis, harmony.

Авторлар туралы мәліметтер:

Оспанұлы Серікбай – Ы. Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері, профессор, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Мырзағалиева Күлзада – ф.ғ.к., тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университі, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Оспанұлы Серікбай – научный сотрудник Костанайского областного мемориального музея И. Алтынсарина, профессор, г. Костанай, Республика Казахстан.

Мырзағалиева Күлзада – к.ф.н., кафедра теории языков и литературы, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Ospanuly Serikbay – Researcher at the Y.Altynsarin Kostanay Regional Memorial Museum, Professor, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Myrzagaliyeva Kulzada – Candidate of Philological Sciences, Department of Language Theory and Literature, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

ӘӨЖ 16.215

Шолпанбаева, Г.А.,

педагогика ғылымдарының магистрі,
филология және практикалық лингвистика
кафедрасының аға оқытушысы,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Минних, И.,

бВ02303 – Шетел филологиясы ББ
1-курс студенті,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін

Мақалада Әл-Фараби еңбектерінің прагматикалық ерекшеліктері, «тұлға» терминін автор қолданысындағы маңызы қолданылған. Әл-Фараби еңбектері сан түрлі ғылым салаларында, астрономия, физика, әдебиеттану, география және т.б. кеңінен зерттелгенімен, тілдік ерекшелігі мен стиль тұрғысынан тым аз айтылған. Көптеген адамдар оның идеяларын зерттесе де, оның сөздерді қалай қолданғаны және шығармаларын жазғаны туралы көп айта бермейді. Мақалада Әл-Фараби таңдаған сөздердің неліктен ма-

МАЗМҰНЫ**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Безаубекова А.Д., Амиргалиева Е.С., Қайырғали Д.А. Фариза Оңғарсынова лирикасындағы әйелдер болмысы.....</i>	3
<i>Искакова Ш.К., Омарова Д.К. Қимылдың өту сипаты категориясының қазақ тіл білімінде зерттелуі.....</i>	12
<i>Исова Э.А., Атығай Ш.С. Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі метафораның қолданысы.....</i>	20
<i>Исова Э.А., Изтұрғанова Г.М. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен әшекей бұйымдарының этнолингвистикалық сипаты.....</i>	25
<i>Исова Э.А., Мәлікзада А.М. Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімі.....</i>	30
<i>Кузембайұлы А., Еркін Ә. Рәбиға Кеңес үкіметінің ұлт аймақтарды басқару жүйесі.....</i>	34
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К. Ақиқат жолын іздеген ұлылар үндестігі.....</i>	40
<i>Шолпанбаева Г.А., Минних И. Әл-Фараби еңбектерін зерттеудің мәселелері.....</i>	44

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Алимбаев А.А., Юрк О.С. Математика пәнін оқытуда проблемалық әдісті қолдану.....</i>	50
<i>Амантаева А.Б., Курманғалиева А.А., Туктубаева С.А. Физика оқытудағы ғылым тарихының рөлі: тарихи контекст қазіргі физикалық теорияларды түсінуге қандай көмек етеді.....</i>	57
<i>Майер Ф.Ф., Берденова Г.Ж., Жарлыгасова Э.З., Нургельдина А.Е. Лемниската Бернуллиге байланысты екі есе дерлік жұлдыз тәрізді функциялардың кейбір кластарының өсу теоремалары мен жұлдыздық радиустары.....</i>	63
<i>Ручкина Г.А., Божекенова Ж.Т., Курлов С.И. Қостанай облысының солтүстік аудандарының гименомицеттері.....</i>	69
<i>Султангазина Г.Ж., Артемчук А.В. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының жоғары тамырлы өсімдіктер флорасы.....</i>	74
<i>Султангазина Г.Ж., Оджахвердиева С.В. Қостанай қаласының қалалық флорасына таксономиялық талдау.....</i>	79
<i>Тастанов М.Ф., Курманғалиева А.А. Ағылшын тіліндегі физика сабақтарында тілдік және мазмұндық оқытуды интеграциялаудағы bics және calp рөлі.....</i>	84
<i>Тастанов М.Ф., Туктубаева С.А. Физика мұғалімінің тәжірибесіне проблемалық оқыту әдістерін енгізу және оларды оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуда қолданудың тиімділігін зерттеу.....</i>	93

ИНЖИНИРИНГ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ

<i>Ибрагимова С.В., Давлетишин Н.Р. Әуе электр желілерінде мұз қатуға қарсы күрес әдістері.....</i>	99
<i>Ибрагимова С.В., Дускаев С.А. Жарықтандыру жүйесін жаңғырту арқылы кәсіпорындардың энергия тиімділігін арттыру әдістерін іске асыру.....</i>	107

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

<i>Амантаев М.А., Золотухин Е.А., Кравченко Р.И., Оспанов М.Б. Белсенді жетекті ротациялық жұмыс органдарын зерттеуге арналған зертханалық қондырғы әзірлеу.....</i>	115
<i>Какабаев, Н.А., Кравченко, Р.И., Золотухин, Е.А., Жәмәш, К.Ж. Астықты ұнтақтауға арналған балғалы ұнтақтағыштардың конструкциялары мен өнімділігін және дайын өнімнің сапасын салыстырмалы талдау.....</i>	122

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

<i>Байжанова Л.А.-Н., Абдрахманова А.Д., Амантаева Р.К.</i> Қазақстанда айналмалы экономиканың даму келешегі	129
<i>Байжанова Л.А.-Н., Досмакова А.Е., Молдағалиева Н.Д.</i> Өңірдің инвестициялық әлеуетін аймақтық жүйе ретінде жүзеге асырудың негізгі көрсеткіштері	135
<i>Сартанова Н.Т., Амантаева Р.К., Байжанова Л.А.-Н.</i> Үздіксіз оқыту күші: қазіргі заманғы оқыту ұйымдарында топтық жұмыс тиімділігін, уақытты басқаруды және шешім қабылдауды арттыру	140
МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЛАР	149
АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА	151

СОДЕРЖАНИЕ**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

<i>Безаубекова А.Д., Амиргалиева Е.С., Қайырғали Д.А.</i> Женские реалии в лирике Фаризы Онгарсыновой.....	3
<i>Искакова Ш.К., Омарова Д.К.</i> Изучение аспектологии в казахском языке.....	12
<i>Исова Э.А., Атығай Ш.С.</i> Языковое использование метафоры в рассказе Магжана Жумабаева «Шолпанның күнәсі».....	20
<i>Исова Э.А., Изтұрғанова Г.М.</i> Этнолингвистическая характеристика национальной одежды и украшений казахского народа.....	25
<i>Исова Э.А., Мәлікзада А.М.</i> Академик Р. Сыздық и современный казахский язык.....	30
<i>Кузембайұлы А., Еркін Ә.</i> Система управления национальными регионами советского правительства.....	34
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К.</i> Созвучие великих, ищущих путь истины.....	40
<i>Шолпанбаева Г.А., Минних И.</i> Проблемы изучения трудов Аль-Фараби.....	44

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

<i>Алимбаев А.А., Юрк О.С.</i> Применение проблемно-ориентированного обучения в математике.....	50
<i>Амантаева А.Б., Курманғалиева А.А., Туктубаева С.А.</i> Роль истории науки в преподавании физики: как исторический контекст помогает понять современные физические теории.....	57
<i>Майер Ф.Ф., Берденова Г.Ж., Жарлыгасова Э.З., Нургельдина А.Е.</i> Теоремы роста и радиусы звездообразности некоторых классов дважды почти звездообразных функций, связанных с лемнискатой Бернулли.....	63
<i>Ручкина Г.А., Божжекенова Ж.Т., Курлов С.И.</i> Гименомицеты северных районов Костанайской области.....	69
<i>Султангазина Г.Ж., Артемчук А.В.</i> Флора высших сосудистых растений Сарыкольского района Костанайской области.....	74
<i>Султангазина Г.Ж., Оджахвердиева С.В.</i> Таксономический анализ урбанofлоры города Костанай.....	79
<i>Тастанов М.Г., Курманғалиева А.А.</i> Роль bits и calp в интеграции изучения языка и содержания на уроках физики на английском языке.....	84
<i>Тастанов М.Г., Туктубаева С.А.</i> Внедрение методов проблемного обучения в практику учителя физики и исследование эффективности их использования в развитии исследовательских навыков учащихся.....	93

ИНЖИНИРИНГ И ТЕХНОЛОГИИ

<i>Ибрагимова С.В., Давлетшин Н.Р.</i> Методы борьбы с гололёдообразованием на воздушных линиях электропередач.....	99
<i>Ибрагимова С.В., Дускаев С.А.</i> Реализация методов повышения энергоэффективности предприятий путем модернизации системы освещения.....	107

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ, ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ

<i>Амантаев М.А., Золотухин Е.А., Кравченко Р.И., Оспанов М.Б.</i> Разработка лабораторной установки для исследования ротационных рабочих органов с активным приводом.....	115
<i>Какабаев, Н.А., Кравченко, Р.И., Золотухин, Е.А., Жәмәш, К.Ж.</i> Сравнительный анализ конструкций и производительности молотковых дробилок для измельчения зерна и качества готового продукта.....	122

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

Байжанова Л.А.-Н., Абдрахманова А.Д., Амантаева Р.К. Перспективы развития экономики замкнутого цикла в Казахстане..... 129

Байжанова Л.А.-Н., Досмакова А.Е., Молдагалиева Н.Д. Ключевые индикаторы реализации инвестиционного потенциала региона как территориальной системы..... 135

Сартанова Н.Т., Амантаева Р.К., Байжанова Л.А.-Н. Сила непрерывного обучения: повышение эффективности командной работы, управления временем и принятия решений в современных обучающих организациях..... 140

ЮБИЛЕЙНЫЕ ПОЗДРАВЛЕНИЯ..... 149

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ..... 154

CONTENT**HUMANITIES AND ARTS**

<i>Bezaubekova A.D., Amirgalieva E.S., Kayyrgali D.A.</i> Women's realities in the lyrics of Fariza Ongarsynova	3
<i>Iskakoba Sh.K., Omarova D.K.</i> Studying the aspectuality of verb in the kazakh language	12
<i>Isova E.A., Atygai Sh.S.</i> Linguistic use of metaphor in Magzhan Zhumabayev's story "Sholpannyn kunasi"	20
<i>Isova E.A., Izturganova G.M.</i> The ethnolinguistic characteristics of traditional clothing and jewelry of the kazakh people	25
<i>Isova E.A., Malikzada A.M.</i> Academician R.Syzdyk and the modern kazakh language	30
<i>Kuzembayuly A., Yerkin A.</i> The soviet government's nation management system	34
<i>Ospanuli S., Myrzagalieva K.</i> The harmony of the great ones who seek the path of truth.....	40
<i>Sholpanbayeva G.A., Minnikh I.</i> Problems of studying the works of Al-Farabi	44

NATURAL SCIENCES

<i>Alimbayev A.A., Yurk O.S.</i> Using problem-based learning in mathematics.....	50
<i>Amantayeva A.B., Kurmangaliyeva A.A., Tuktubayeva S.A.</i> The role of the history of science in teaching physics: how historical context aids understanding of modern physical theories.....	57
<i>Mayer F.F., Berdenova G.Zh., Zarlygassova E.Z., Nurgeldina A.Ye.</i> Growth theorems and radii of starshapedness of some classes of doubly close-to- star-shaped functions related to the Bernoulli lemniscate	63
<i>Ruchkina G.A., Bozhekenova Zh.T., Kurlov S.I.</i> Hymenomycetes of the northern areas of the Kostanay region	69
<i>Sultangazina G.Zh., Artemchuk A.V.</i> Flora of higher vascular plants of the Sarykol district of the Kostanay region	74
<i>Sultangazina G.Zh., Odzhakhverdiyeva S.V.</i> Taxonomic analysis of the Kostanay urban flora	79
<i>Tastanov M.G., Kurmangaliyeva A.A.</i> The role of bics and calp in the integration of language and content learning in the physics lessons in english.....	84
<i>Tastanov M.G., Tuktubayeva S.A.</i> The introduction of problem-based learning methods into the practice of a physics teacher and the study of the effectiveness of their use in the development of students' research skills	93

ENGINEERING AND TECHNOLOGY

<i>Ibragimova S.V., Davletshin N.R.</i> Methods of overhead power lines de-icing	99
<i>Ibragimova S.V., Duskayev S.A.</i> Implementation of methods to improve energy efficiency of enterprises through the lighting system modernization	107

AGRICULTURAL, VETERINARY SCIENCES

<i>Amantayev M.A., Zolotukhin Ye.A., Kravchenko R.I., Ospanov M.B.</i> Development of a laboratory setup for studying rotary working bodies with active drive	115
<i>Kakabayev N.A., Kravchenko R.I., Zolotukhin Ye.A., Zhamash K.Zh.</i> Comparative analysis of the designs and performance of hammer mill and finished product quality.....	122

SOCIAL SCIENCES

<i>Baizhanova L.A-N., Abdrakhmanova A.D., Amantayeva R.K.</i> Prospects for the development of a closed-cycle economy in Kazakhstan	129
<i>Baizhanova L.A-N., Dosmakova A.Ye.,Moldagaliyeva N.D.</i> Key indicators of unlocking the investment potential of the region as a territorial system	135

<i>Sartanova N.T., Amantayeva R.K., Baizhanova L.A-N. The power of lifelong learning: improving teamwork, time management, and decision making in today's educational organizations</i>	140
<i>ANNIVERSARY CONGRATULATIONS</i>	149
<i>INFORMATION FOR AUTHORS</i>	157

Редактор, корректор: *А. Симонова*
Корректорлар: *Б. Сыздыкова, Т. Цай*
Компьютерлік беттеу: *С. Красикова*

Редактор, корректор: *А. Симонова*
Корректоры: *Б. Сыздыкова, Т. Цай*
Компьютерная верстка: *С. Красикова*

Басуға 14.10.2024 ж. берілді.
Пішімі 60x84/8. Көлемі 12,0 б.т.
Тапсырыс № 071

Подписано в печать 14.10.2024 г.
Формат 60x84/8. Объем 12,0 п.л.
Заказ № 071

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетіндегі
редакциялық-баспа бөлімінде басылған
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Костанайского регионального университета
имени Ахмет Байтұрсынұлы
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47